

*К.Байсейітова атындағы дарынды балаларға
арналған РММОМИ*

*Ашық сабақ
Тақырыбы: Сын есімнің жасалуы*

Өткізген: Сапарғалиева Ә.С.

Алматы қаласы

2016 – 2017 оқу жылы

Психологиялық ахуал



Үй тапсырмасы



СҰРАҚ-ЖАУАП АРҚЫЛЫ:

1. ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕ НЕШЕ СӨЗ ТАБЫ БАР?
2. ЗАТ ЕСІМ ДЕГЕНІМІЗ НЕ, ҚАНДАЙ СҰРАҚТАРҒА ЖАУАП БЕРЕДІ?
3. ЗАТ ЕСІМ ҚАЛАЙ БӨЛІНЕДІ?
4. СЫН ЕСІМ ДЕГЕНІМІЗ НЕ, ҚАНДАЙ СҰРАҚТАРҒА ЖАУАП БЕРЕДІ?

Тұлғасына қарай

```
graph TD; A[Тұлғасына қарай] --> B[Негізгі]; A --> C[Туынды]; B --> D["Түбір сын есім. (сары, таза, тәтті, терең)"]; C --> E["Жұрнақ жалғану арқылы жасалған сын есім. (Көшпелі, оқымысты)"];
```

Негізгі

Түбір сын есім. (сары, таза, тәтті, терең)

Туынды

Жұрнақ жалғану арқылы жасалған сын есім. (Көшпелі, оқымысты)

**Негізгі сын есім – ешбір
қосымшасыз, түбір
күйінде қолданылады.**

**Мысалы: қара, көк,
таза, жақсы, терең, т.б.**

**Туынды сын есім –жұрнақ
арқылы жасалған сын
есімдер.**

**Мысалы: көшпелі, кешкі,
өнерлі, білімді, т.б.**

Есім сөздерден сын есім тудыратын негізгі жұрнақтар.

1. -лы, -лі, -ды, -ді, -ты, -ті; тау-лы, тас-ты, дене-лі, көрік-ті, өнер-лі т. б.
2. -сыз, -сіз: үй-сіз, жер-сіз, қызмет-сіз, жол ас-сыз, ағаш-сыз т. б.
3. -ғы, -гі, -қы, -кі: жаз-ғы, іш-кі, сырт-қы, соң-ғы, күз-гі, түн-гі т. б.
4. -лық, -лік, -дық, -дік, -тық, -тік: азамат-тық, жыл-дық, көлем-дік, күн-дік, өлке-лік, кәмелет-тік т. б.
5. -шыл, -шіл: жер-шіл, ұйқы-шыл, күлкі-шіл, ұй-шіл, сыр-шыл т. б.
6. -шаң, -шең: бой-шаң, сөз-шең, киім-шең, тер-шен т. б.
7. -дай, -дей, -тай, -тей: үй-дей, қой-дай, арыстан-дай, ат-тай, түлкі-дей
8. -кер, -қой, -қор, -паз, -ымпаз, -імпаз: табыс-кер, найза-гер, әуес-қой, сән-қой, бәле-қор, жем-қор, шай-қор, өнер-паз, әсем-паз, жеңім-паз.
9. -и, -ы, -і: тарих-и, дін-и, әдеб-и, ресм-и, мәден-и, қазақ-ы, қадмақ-ы, естек-і, (башқұр-лық), алтай-ы, араб-ы т. б.

Етістіктен сын есім тудыратын негізгі жұрнақтар:

1. -ғақ,, -гек, -қақ, -кек, -ақ, -ек: ұрыс-қақ, тай-ғақ, үрк-ек т. б.
2. -ық, -ік, -қ, -к: тол-ық, сын-ық, аш-ық, ақса-қ, сире-к т. б.
3. -ғыш, -гіш, -қыш, -кіш: біл-гіш, жаз-ғыш, көр-гіш, айт-қыш т. б.
4. -ғыр, -гір, -қыр, -кір: өт-кір, ұш-қыр, ал-ғыр, тап-қыр, біл-гір т. б.
5. -шақ, -шек: ұрын-шақ, жасқан-шақ, сүрін-шек, қызған-шақ т. б.
6. -ыққы, -іккі, -ңқы, -ккі: бас-ыңқы, көтер-іңкі, шаш-ыңқы т. б.
7. -ынды, -інді, -нды, -нді: жаса-нды, құра-нды, түй-інді, т. б.
8. -малы, -мелі, -балы, -белі, -палы, -пелі: көтер-мелі, таңда-малы, айнал-малы, жылжы-малы, ауыс-палы, көш-пелі т. б.
9. -ымды, -імді, -мды, -мді: жара-мды, шыда-мды, қон-ымды т. б.
10. -аған, -еген: қаш-аған, сүз-еген, теб-еген, қаб-аған т. б.
11. -улы, -улі: қаңтар-улы, іл-улі, ая-улы, ас-улы т. б.
12. -ма, -ме, -ба, -бе, -па, -пе: қыз-ба, бұра-ма, бас-па, боя-ма т. б.

1-топ:

Көп нүктенің орнына төмендегі жұрнақтардың тиістісін қойып, туынды сын есім жасандар:

Тау..., тас..., дене..., жаз..., кәмелет..., көрік..., өнер..., жолдас..., үй..., ұйқы..., әуес..., шай..., ұрыс..., үр..., бөл...,

Жұрнақтары: -қақ, -қор, -ғы, -сыз, -лы, -тік, -лі, -сіз, -шыл, -қой, -кек, -ек.

2- топ:

Негізгі сын есімдерді тап:

Көргіш. Таза. Айлакер. Жалпақ.
Мүйізсіз. Күлкішіл. Әдемі. Ұзынша.
Кішкентай. Ашулы. Ұзын. Ұстамды.
Тершең. Суық. Ақшыл. Сұрғылт. Биік.
Балалы.

3-топ:

Төменде берілген сын есімдер мен зат есімдерді қатыстырып сөз тіркесін жаса:

Сын есімдер: дөңгелек, жасыл, тұнық, кішкене, таза, ақ сары, қызыл, көңілді, қызықты, көкала.

Зат есімдер: су, жасыл, үстел тастар, шөп, бұлақ, көбелек, әйел, балалар, адам, кітап, гүлдер, жүрек.

Берілген мақалдардағы көп нүктенің орнына лайықты сын есімдерді қойып, ағылшынша аудар.

1. Өнер алды... тіл.
- 2.... қыз – жағадағы құндыз.
- 3.... жігіт жол бастар.
- 4.... адамды жақынға санама.
- 5.... еңбектен... нан.

(қызыл - red)

(жақсы - good)

(жақсы - good)

(батыр - hero)

(жаман - bad)

(ащы - bitter, тәтті - sweet)

Ойын: бір сөзбен айтқанда қандай адам.

1. Қиыстырып, тауып сөйлейтін адам?
2. Айтқанға сене салатын, еш нәрсені байқамайтын адам?
3. Тез ашуланатын адам?
4. Көрінгенге соқтыға беретін адам?
5. Ертең орындаймын, кейін жазамын дейтін адам?
6. Әркімнің сыртынан жаман сөз айтып жүретін адам?
7. Көп білетін адам?
8. Жан аямай көп жұмыс істейтін адам? 9. Керексіз көп сөйлейтін адам?

Құрамына қарай

```
graph TD; A[Құрамына қарай] --> B[Дара]; A --> C[Күрделі]; B --> D[Бір ғана сын есімнің сындық белгіні білдіруі. (ақ, бойшаң, жасыл)]; C --> E[Тіркескен және қосарланған сын есімнің сындық белгіні білдіруі. (ақ киімді, қара торы)];
```

Дара

Бір ғана сын есімнің сындық белгіні білдіруі. (ақ, бойшаң, жасыл)


Күрделі

Тіркескен және қосарланған сын есімнің сындық белгіні білдіруі. (ақ киімді, қара торы)

АРМАН ЖАР

Қолаң қара шашы бар, ашаң жүзді,
Қыр мұрын, қиылған қас, қара көзді.
Толықша, сұңғақ бойлы, алма мойын.
Тиісті жауап берер майда сөзді.
Кең иық, әм кеуделі, құмырсқа бел,
Сипатты, салтанатты көргенде ел.
Ақ тамақ, оймақ ауыз, ауыр мінез,
Көз салмас көрінгенге көңілі ер.
Жырқылдақ, әсіренкі, сылаң емес,
Ұн бетті, бояу ерін, қылаң емес,
Қылығы оларсыз-ақ жарасып тұр,
Ойыңа ой қосады берсе кеңес.
Жарасқан барлық кейпі денесіне,
Кім болмас риза туған енесіне.
Дәл соны жанға балап жар етпесең,
Күн көзін тірі жүріп көресің бе?!

Б.Момышұлы



Арыстандай айбатты,
Жолбарыстай қайратты –
Қырандай күшті қанатты.
Мен жастарға сенемін!
Көздерінде от ойнар,
Сөздерінде жалын бар,
Жаннан қымбат оларға ар,
Мен жастарға сенемін!
Жас қырандар – балапан,
Жайып қанат ұмтылған.
Көздегені көк аспан.
Мен жастарға сенемін!
Жұмсақ мінез жібектер.
Сүттей таза жүректер.
Қасиетті тілектер –
Мен жастарға сенемін!

Алпамыс жырынан

"Кеудесі болды кепедей,
Мұрны болды төбедей.
Күрек тісі кетпендей,
Кеңірдегінің тесігі
Жүгімен түйе өткендей.
Құлағы болды болды қалқандай,
Мұрынына қарасаң,
Сығымданған талқандай.
Көзі терең зындандай,
Басқан ізін қарасаң,
Көрінеді оттың орнындай.
Азуы үлкен ошақтай,
Азу тісі пышақтай.
Иегі бар сеңгірдей,"-



таза

әдемі

биік

жақсы

өнерлі

әдепті

таулы

сүтті

«Мағынаны тану»

Сын есімнің мағыналық түрлері

```
graph TD; A[Сын есімнің мағыналық түрлері] --> B[Сапалық сын есім]; A --> C[Қатыстық сын есім];
```

Сапалық сын есім.

Заттың түр түсін, сын сапасын тікелей анықтайды.

Мысалы: ақ, ақшыл, ұзын, үлкен, қымбат, кербез.

Қатыстық сын есім

Заттың сын-сипатын, әр түрлі белгісін басқа сөз табының қатысы арқылы білдіреді.

Мысалы: сымбатты, атты, мінезді, жүргіш, ойшыл, бойшаң.

I топ

Сапалық сын есімдерден сөз тіркесін жасап, қалаған сөз тіркесінен 3 сөйлем құра.

Ақшыл, жасыл, қызылды-жасылды, тәтті, үлкен, қымбат, жаман, ұзын, жарық, кең, қысқа.

II топ

Қатыстық сын есімдерден сөз тіркесін жасап, қалаған сөз тіркесімен 3 сөйлем құрастыр. Иманды, сазды, отты, еріншек, аттылы, балалы, егінді.

III топ

Төмендегі мәтіннен сапалық болатын сын есімге бір сөйлем, қатыстық болатын бір сөйлемге бір сөйлем ойлап жаз.

Малта

Малта- езілген құрттың майда түйіршектері. Аса дәмді әрі жеуге жұмсақ тағам. Ауызға салып жүрсен, шөл қандырар қасиеті де бар.

«Аяқталмаған мәтін» әдісі

Ерекше Бақа

Ерекше Бақа 6-сыныпта оқиды. Достарының барлығы оның осындай ерекше екенін бұрыннан білетін. Онымен қоса Бақаның бойында ерекше бір таланты болатын. Бірақ Жапалақ мұғалім ол туралы мүлдем хабарсыз еді.

Бір күні есте қаларлық оқиға болды. Әдебиет сабағында әлгі Бақа...

Семантикалық карта толтыру

<i>№</i>	<i>Мысалдар</i>	<i>Туынды сын есім</i>	<i>Негізгі сын есім</i>	<i>Дара сын есім</i>	<i>Күрделі сын есім</i>
1.	Ұрыншақ				
2.	Жеңіл				
3.	Шұбар ала				
4.	Қалалық				
5.	Арыстандай				
6.	Ұзын бойлы				
7.	Қызыл-жасыл				
8.	Алғыр				
9.	Көтеріңкі				
10	Қара торы				
11	Ақ сақалды				
12	Көрікті				
13	Ақылды				
14	Жақсы				
15	Кең				

1. *Сын есім нені білдіреді?*

- А) Заттың, нәрсенің атын
- Б) Іс әрекетті, қимылды
- С) Заттың сынын, сапасын

2. *Сын есімдер мағынасына қарай қалай бөлінеді?*

- А) Жалпы, жалқы
- Б) Сапалық, қатыстық
- С) Жіктеу, сілтеу

3. *Сапалық сын есімдерді белгіле*

- А) үлкен, қызыл, әдемі
- Б) парта, мұғалім, адам
- С) тасты, жазғы, ашық

4. *Қатыстық сын есімдер қалай жасалады?*

- А) Жалғау арқылы
- Б) Жұрнақ арқылы
- С) Түбір күйіндегі сын есімдер

5. *Тұлғасына қарай сын есімдер қалай бөлінеді?*

- A) Негізгі, туынды
- Б) Дара, күрделі
- С) Қатыстық, сапалық

6. *Негізгі сын есімдер қатарын белгіле*

- A) Қарлы, қысқы, жұлдызды
- Б) кітап, қалам, ағаш
- С) ұзын, көк, тәтті

7. *Қатыстық сын есімдерді белгіле*

- A) Суық, ащы, қысқа
- Б) келді, отырды, оқыды
- С) көлді, таулы, сулы

Сабақты қорыту

Білемін	Білдім	Білгім келеді

«INSERT» ӘДІСІ

Бағалау парағы

Р/с	Оқушының аты-жөні	1-тапсырма	2-тапсырма	3-тапсырма	Жалпы балл

10-15 балл - «5»

9-5 балл - «4»

5-1 балл - «3»